



Мемлекеттік статистика органдары
құпиялылығына кепілдік береді

2021 жылы Қазақстан Республикасы
халқының ұлттық санағын өткізуге
арналған санақ парағының нысаны

1

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және реформалар
агенттігі Ұлттық статистика
бюросы басшысының
2021 жылғы « »
№ бұйрығына
3-қосымша

Аумақтық статистика бөлімшесіне ұсынылады

Санақ парағын толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен					
1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық

Санақ парағы www.sanaq.gov.kz
интернет-ресурсына орналастырылған

«Тұрғын үй жағдайлары»

Индексі 2-Ж
Кезеңділігі: біржолғы

Санақ парақтары үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге толтырады*

* «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 23) тармақшасына сәйкес үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

³ «Үй шаруашылығының реттік нөмірі» 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұратындар және (немесе) келушілер тізімі» (индексі 1-ПП, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағынан автоматты түрде көшіріледі.

2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғын үй жағдайлары» (индексі 2-Ж, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірме 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғын үй жағдайлары» (индексі 2-Ж, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағына қсыомшада келтірілген.

2021 жылы
Қазақстан Республикасы халқының
ұлттық санағын өткізуге арналған
«Тұрғын үй жағдайлары»
(индексі 2-Ж, кезеңділігі: біржолғы)
санақ парағына қосымша

2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғын үй жағдайлары» (индексі 2-Ж, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын толтыру жөніндегі түсіндірме

1. 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған «Тұрғын үй жағдайлары» (индексі 2-Ж, кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын (бұдан әрі – санақ парағы) толтыру кезінде көрсетілген жауап нұсқаларында тиісті белгілер қойылады, сондай-ақ қажет болған жағдайда цифрлар және (немесе) мәтін енгізіледі.

2. Санақ парағын әр үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттердің біреуі толтырады. Санақ парағының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-сұрақтары үй шаруашылықтары тұратын тұрғын үйге қатысты. Санақ парағының 7.1 және 8-сұрақтары осы тұрғын үйде тұратын әр үй шаруашылығына қатысты.

3. Санақ парағының 1-сұрағына келесі түсіндірмелер пайдаланылады:

1) егер үй шаруашылығы меншік нысанына қарамастан жеке үйде, коттедж типіндегі тұрғын үйде тұрса, онда «бір пәтерлі (жеке үй)» белгіленеді;

2) егер үй шаруашылығы көппәтерлі үйде тұрса, онда «екі пәтерлі үй» немесе «үш және одан да көппәтерлі үй» жауаптарының бір нұсқасы белгіленеді;

3) егер еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, студенттер (курсанттар, аспиранттар) және оқу кезеңінде оқушылардың тұруы үшін, сондай-ақ меншік иесімен немесе жатақхана иесімен еңбек шарты бар басқа да адамдар үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған болса, онда «Жатақхана» белгіленеді.

«Басқа (мысалы, киіз үй, күзетші үйі, шағын вагон, контейнер)» жауап болған жағдайда санақ парағы одан әрі толтырылмайды.

4. Егер үй шаруашылығының құрамына кіретін респондентте (бұдан әрі – респондент) тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) салынған жылы туралы мәліметтер болмаса, санақ парағының 2-сұрағына жауап толтырылмайды.

5. Санақ парағының 4-сұрағында егер қабырғалар бірнеше материалдардан салынған болса, аталған құрылыстағы басым материалды көрсеткен жөн. Егер респондентте сыртқы қабырғалардың материалдары туралы мәліметтер болмаса, сұраққа жауап толтырылмайды.

6. Санақ парағының 5-сұрағында мына жағдайларда:

егер үйде электр сымдары болса, электрмен;

егер (еденүсті) электр плитасы немесе (еденүсті) электр плитасы орнатылған бөлек тұрған ас үйі бар үй (асүйге арналған арнаулы күрделі

ғимарат) болса, (еденге қойылатын) электр плитамен;

егер желілік табиғи газбен жабдықталған газ плитасы болса, желілік (табиғи) газбен;

егер сұйытылған газбен жабдықталған еденге қойылатын газ плитасы болса, сұйытылған газбен (газ тәрізді заттарды сақтауға арналған баллондағы немесе газгольдерлердегі-резевуарлардағы), сондай-ақ сұйытылған газбен жабдықталған газ плитасы орнатылған бөлек тұрған ас үйі бар үй газдандырылған деп саналады;

егер өзінің үй қазандығынан, орамдық немесе аудандық қазандығынан, жылу электр орталықтарынан орталықтан жылыту бар болса, сондай-ақ автоматты газды су жылытқыштар қондырғылары орнатылса, орталықтан жылыту;

дербес жылытумен (жеке қондырғылардан, қазандықтардан жылытумен): егер жылу қондырғыларынан немесе дәстүрлі тұрғын үйдің ішінде тұрған немесе үлкен жеке үйлердің немесе коттеждердің және уақытша шағын үйлердің иелерінде айрықша жағдайлар үшін қосымша нұсқа ретінде газбен, қатты немесе сұйық отынмен жағылатын жабдыктан жылытылатын болса, пешпен жылытумен;

жаңартылатын энергия көздерімен – күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су қоймаларының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясының өндірісі үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын түрлері кіретін табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздерімен;

егер жылыту қондырғыларынан немесе дәстүрлі тұрғын үйдің ішінде тұрған немесе үлкен жеке үйлердің немесе коттеждердің иелерінде айрықша жағдайлар үшін резервтік нұсқа ретінде газбен, электрден, қатты және сұйық отынмен жағылатын жабдыктан жылытылатын болса, пешпен жылытумен;

егер үйдің ішінде су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан келетін тарату желісі болса, үйдегі (ғимараттағы немесе пәтердегі) су құбырымен;

егер үйден тыс (бөлек тұрған ас үй немесе үйден тыс ұқсас үй-жайлар) су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан келетін тарату желісі болса, үйден (ғимараттан немесе пәтерден) тыс су құбырымен;

егер үй ауласында құдық не су тартқыш шүмек (колонка) немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздері болса, құдықпен, колонкамен немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздерімен;

егер үйде жоғарыда көрсетілген сумен жабдықтау көздері болмаса, басқа өңірлерден, алыс орналасқан су көздерінен немесе сумен жабдықтаудың ұқсас көздерінен ауыз суды жеткізу көлікпен жүзеге асырылса, ауыз суды жеткізумен;

егер тұрғын үйде дәретхана (сумен шайылатын санитарлық торап) және шаруашылық нәжіс суларының көшедегі кәріз желісіне ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе су сіңіретін құдықтар болса, санитарлық тораппен (сумен шайылатын дәретхана);

егер үйдің ішінде көшедегі кәріз желісіне шаруашылық нәжіс суларының ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе су сіңіретін құдықтар болса, орталық кәрізбен. Су құбыры жоқ, сондай-ақ биодәретханасы бар болған жағдайда тұрғын үй кәрізбен жабдықталған деп есептелмейді;

басқа да кәрізбен, субұру жүйесіне қосылмаған елді мекеннің тұрғын үйлерден (тұрғын ғимараттар) шыққан тұрмыстық сұйық қоқыстар, су өтпейтін сақтау қоймаларына кейінгі арнайы шығару автокөлігіне және ағызу станцияларына берілуі тиіс, құрылғының орындарын халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері қоршаған ортаны қорғау және сумен жабдықтау және (немесе) су бұруды ұйымдастыру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы анықтайды.

егер ванна немесе себезгі жеке ванна бөлмесінде де, сондай-ақ ыстық судың келу тәсіліне қарамастан, осы мақсат үшін арнайы жабдықталған бөлмеде орнатылса, тұрақты ванна немесе себезгімен, бұл ретте ванна (себезгі) орнатылған, ал кәрізі жоқ тұрғын үй ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп есептелмейді;

егер тұрғындардың тұрмыстық мұқтаждығы үшін ыстық суды орталықтан беретін арнайы су құбыры болса, орталық ыстық сумен жабдықтаумен;

егер газды (отынды) колонкалардан, пәтерлер бойынша су жылытқыштардан, шағын жылу қазандықтарын қоса алғанда, ыстық су беретін арнайы су құбыры болса, жеке су жылытқыштардан ыстық сумен жабдықтаумен;

егер тұрғын үйден қоқысты стационарлық жинау және әкету жүзеге асырылса, қоқысты жинау және әкету;

байланыс қызметтері

егер стационарлық телефон аппараты, соның ішінде радиотелефон орнатылған болса және байланыс операторымен («Қазақтелеком» АҚ немесе басқа да операторлармен) жасалған шарт болса, тіркелген телефон байланысымен;

егер модем, соның ішінде wi-fi орнатылған болса және байланыс операторымен («Қазақтелеком» АҚ немесе басқа да операторлармен) жасалған шарт болса, тіркелген интернетпен;

егер тұрғын үйде ұтқыр байланыс сигналы болса және браузерлер арқылы веб-парақшалар ашылса, ұтқыр интернетпен (өз ұялы телефоныңыздың көмегімен тексере аласыз);

егер респондент телевизиялық каналдарды көру үшін теледидарды, көшедегі жерсеріктік антеннаны (тұрғын үйдің сыртқы қабырғасында, шатырда немесе аула іргесіндегі телімде орнатылған «табақша» түрінде), конвертер және телевизиялық жерсеріктік жалғаманы пайдаланатын болса, жерсеріктік телекөрсетіліммен;

егер респондент телевизиялық каналдарды көру үшін кабельдік оператор қызметтеріне қосылған теледидарды және белгілі бір кабельдік оператормен шарт жасасқан болса («Алма ТВ» және басқа да кабельдік телевидение операторлары), кабельді телекөрсетіліммен;

егер телевизиялық каналдарды көру үшін теледидарды, телевизиялық жалғаманы және қарапайым дицетрлік бөлмеге арналған немесе көшедегі

антеннаны пайдаланса, эфирлік телекөрсетіліммен жабдықталған болып саналады, бұл ретте Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және облыс орталықтары үшін 30 телеканал, ал облыс орталығынан төмен елді мекендер үшін 15 телеканалға дейін қолжетімді.

7. Санақ парағының 6 және 6.1-сұрақтарында тұрғын үйдің жалпы және тұрғын аудандарының көлемдері ондық белгілер мен үтірлерсіз тұтас сандармен көрсетіледі.

Жалпы ауданға мына аудандар кірмейді:

1) баспалдақ алаңдары, лифт холлдары, тамбурлар, дәліздер (пәтердің ішіндегілерден басқа), вестибюльдер;

2) шығыңқы конструкциялық элементтер мен жылыту пеші тұрған;

3) жеке тұрған ас үйлер, моншалар, сарайлар, күркелер.

Егер респондентте жалпы және тұрғын аудандарының көлемдері туралы деректер болмаса, санақ парағының 6 және 6.1-сұрақтарына жауаптар толтырылмайды.

8. Санақ парағының 7-сұрағында тұрғын үй-жайда барлығы неше тұрғын бөлме бары (ас үй, ванна, дәретхана, дәліз, қоймадан басқа) көрсетіледі.

9. Санақ парағының 7.1-сұрағында үй шаруашылығы алатын тұрғын бөлмелердің саны цифрмен көрсетіледі. Егер үй шаруашылығы толық бөлмені емес, тек оның бөлігін ғана алса, онда «бөлме бөлігі» белгіленеді.

10. Санақ парағының 8- сұрағында:

егер тұрғын үй үй шаруашылығының құрамына кіретін бір респонденттің меншігінде болса, «үй шаруашылығының респондентіне» деп белгіленеді;

егер тұрғын үй осы үй шаруашылығының құрамына кіретін бірнеше немесе барлық респонденттердің меншігінде болса, «үй шаруашылығының құрамына кіретін респонденттерге» деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы туыстарының, жақындарының, таныстарының меншігіндегі тұрғын үйде тұрып жатса, жеке тұлғаға «ақы төлеумен» немесе «ақы төлеусіз» деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы жеке меншік құқығындағы заңды тұлғаға тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, заңды тұлғаға «ақы төлеумен» немесе «ақы төлеусіз» деп белгіленеді;

егер үй шаруашылығы мемлекеттік тұрғын үй қорына меншік құқығында тиесілі тұрғын үйде тұрып жатса, «Мемлекеттік меншік» деп белгіленеді.